


Жаратылыстану пәндері бірлестігінің

2023-2024 оқу жылында апталық бойынша ақпарат

Ақпан айының 12.02 – 16.02 аралығында жаратылыстану пәндері әдістемелік бірлестігінің 2023-2024 оқу жылына жоспарлаған апталығы өткізілді. Осы апта ішінде бірнеше жұмыстар мен сан түрлі іс-шаралар атқарылды. Оның ішінде 2024 жылдың 13 ақпанында облыстық “Зейін жобасы” аясында мектебіміздің биология пәні мұғалімі педагог-зерттеуші Мухаметжан Гулнар Советқызы “Зейін жобасы аясында биология



сабақтарында функционалды сауаттылықты дамыту жолдары” тақырыбында онлайн форматта облыстық семинар өткізді. Семинарға облыс мектептерінің барлық биология пәні мұғалімдері қатысты.


❖ Мақсаты: Білім сапасын жетілдіру үшін білім алушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыруда тиімді жолдарды көрсету.

❖ Семинар барысында 7-8-10 сыныптарға арналған функционалды тапсырмалар және логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын көрсетіп, жағдаяттық тапсырмалар, цифрлық сауаттылықты дамыту мақсатында әртүрлі платформалармен жұмыс жүргізілді. Олар: Wordwall.net, Educaplay.com. Сонымен қатар семинар соңында “3 ҚҚҚ” әдісі арқылы семинар барысында не құнды, не қызық, не қиын болғандығын айтып, өз ойларымен бөлісті. Семинар өте қызықты әрі жақсы тәжірибе алмасу болды, мұғалімдердің көпшілігі көтеріңкі көңіл-күйде болды.



9 ақпан күні «Балқаш қаласының білім бөлімі» ММ-нің ұйымдастыруымен «Дарынды балаларға-талантты ұстаз»

республикалық конкурсының қалалық кезеңі өтті. Караталова Зарина Сериковна «Б.Момышұлы атындағы жббм» КММ, биология пәнінің мұғалімі бас жүлдеге ие болды. 12 ақпан күні «Дарынды балаларға-талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасының облыстық кезеңі өтті. Педагогтар арасында «Б.Момышұлы атындағы ЖББ мектебі» КММ-нің биология пәнінің мұғалімі Караталова Зарина Сериковна I жүлделі орынға ие болып, республикалық кезеңге жолдама алды.



Зертханалық жұмыс пен сарамандық жұмыс дәптерлері тексерілді. Дәптерлер білім стандартына сай жүргізілген, барлық оқушыларда бар. Сонымен қатар, тоқсан соңында мектепшілік әкімшілік

бақылау алынып, нәтижесі тапсырылды. Биылғы оқу жылы жаратылыстану бірлестігінің жұмыстары жоспарға сай басталды. Жоспарға сай әдістемелік отырыстар өткізіліп, білім стандартына сай сабақтар өткізілуде. Жас мамандар жоспарға сай жұмыс

атқаруда. Тәлімгер мен жас маман жұмысының жоспары құрылып, сол жоспарға сай жұмыс жүргізілуде.

Апталық аясында химия пәнінің Ж.Мустапаева

«Металдардың оттегімен және сумен әрекеттесуі» тақырыбында бейне сабағы мектептің әлеуметтік желісінде оқушыларға әдістемелік көмек ретінде жүктелді.

География пәні пәні мұғалімі А.Абзалбекова «Құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтау» тақырыбында 8Б сыныбында ашық сабақ өткізді. Алдыңғы білімді тексеру мақсатында «Ворд Уолл» платформасын қолданып, өткен тақырыпты еске түсіріп алдық. Оқушылар сұрақтарға жақсы жауап бере алды. Сабақтың тақырыбы анықталғаннан кейін, сабақтың мақсатын белгілеп алдым. Сабақтың жаңа тақырыбын өздіктерінен анықтап алуға қатысты мақсатыма жеттім. Оқушыларға жаңа

тақырыпқа байланысты өзен, көл, батпақ, мәңгі тон, мұз жамылғысы, жер асты сулары деген термин сөзді тансытырып өттім. Әр қарай жаңа сабаққа байланысты бейнематериал көрсетілді, оқушылар түсінген ақпараттарды өз ойларын ортаға салды. Оқушыларға үш түрлі жұмыстар берілді.



Апталық аясында жоспарланған жұмыстар уақыты өткізілді.

Мектеп директорының м.а.п. А.Абдуалиева

